1923 2023
ATYRAÝ
Облыстық қоғамдық-саясы газет
www.atr.kz | Атырау газеті | atyrau_gazeti@mail.ru | @Atyrau_gazeti
№48 (20 653) 21 МАУСЫМ, 2022 ЖЫЛ, СЕЙСЕНБІ

ТҮЙІНСӨЗ

«Құрылтайдың жұмысы сапалы болуы үшін елдің жоғын жоқтайтын азаматтар бас қосуы керек. Бізде түрлі пікіралас орындары бар. Бірақ ұлттық құрылтайдың орны бір бөлек. Бұл ел бірлігін нығайтатын, қоғамды ұйыстыратын тың идеялар орталығы болатынына кәміл сенемін»

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

// Ел және Президент

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

Бар күш-жігеріміз азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ЖАҢА ӘЛЕМ – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР» АТТЫ ПЕТЕРБУРГ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФОРУМЫНЫҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ЖИЫННЫҢ ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ, ДЕП ХАБАРЛАДЫ ПРЕЗИДЕНТТІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Пленарлық сессияда Қазақстан Президентінен бөлек Ресей Президенті Владимир Путин және бейнебайланыс режимінде Египет Президенті Абдель Фаттах Ас-Сиси сөз сөйледі. Сондай-ақ ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин форум қатысушыларына бейнеүндеу жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде форумға шақырғаны және дәстүрлі түрде жылы қабылдағаны үшін Владимир Путинге ризашылығын білдірді. Мемлекет басшысы Петербург форумының ширек ғасыр ішінде беделді сараптама платформасы мәртебесіне ие болғанын және әлемдік талқылау алаңдарының арасында лайықты орын алғанын атап өтті.

Әлем жылдам өзгеруде...

Мемлекет басшысының айтуынша, форум саяси және экономикалық ахуал шиеленісіп тұрған кезде өтіп жатыр.

– Пандемияға және геосаяси шиеленістің өршуіне байланысты жаһандық тектоникалық өзгерістер жаңа жағдайларға алып келді. Жаһандануын орнына артық-кемі бар аймақтандыру дәуірі келді. Қалай болғанда да, дәстүрлі экономикалық модельдер мен сауда бағыттарының өзгеру үдерісі жеделдей түсті. Әлем жылдам өзгеруде. Өкінішке қарай, көп жағдайда жақсы жағына қарай емес, – деді Президент.

Оның пікірінше, жаңа жағдайда әлемдік тәртіптің жылдам өзгеретін құрылымын, «Шығыс-Батыс», «Солтүстік-Оңтүстік» бағыттары бойынша өзара іс-қимылдың орнықты векторларының алмасуын ескеру маңызды.

– Біздің аймақтағы елдер осындай сын-қатерлерге лайықты төтеп беріп қана қоймай, олардан барынша пайда табуға тырысуы керек. Сондықтан Еуразиялық экономикалық одақ аясында Еуразиялық интеграцияны Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» тұжырымдамасымен ұштастыру – маңызды міндет, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік басқару ісін жаңғырту және Жаңа, Әділетті Қазақстан құру үшін елімізде жүзеге асырылып жатқан ауқымды саяси және экономикалық реформалар туралы айтты.

– Бар күш-жігеріміз экономиканың өсімі азаматтардың әл-ауқатын арттыруға пропорционалды түрде ықпал етуге бағытталған. Біз сауда-экономикалық байланысты дамытуға, жаңа өндіріс орындарын ашуға, адами капиталдың өсімі мен инновацияларды енгізу үшін жағдай жасауға ниеттіміз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтағы елдердің орнықты дамуы үшін интымақтастықтың көкжиегін кеңейту, экономикамыздың өсіміне жол ашу қажет деп санайды. Осы ретте Президент аса маңызды міндетті, яғни халықаралық және өңірлік қауіпсіздікті естен шығармау керек екенін айтты.

Осыған орай Қазақстан Президенті жиынға қатысушылардың назарын бірқатар маңызды мәселеге аударды. Соның ішінде, Мемлекет басшысы Еуразиялық экономикалық одақтың әлеуетін арттыруды өзекті міндет ретінде атады.

– Одаққа мүше барлық елдің экономикасының жиынтық көлемі қазір 2 триллион доллардан асады. Бұл – еркін тауар айналымы, капиталы және жұмыс күші бар өте үлкен нарық. Пандемия мен дағдарыс жағдайына қарамастан, Одақ аясындағы интымақтастық деңгейі түрде нығайып келеді. Былтыр өзара сауда-саттық көлемі Еуразиялық экономикалық одақ құрылған уақыттан бергі ең жоғары деңгейге жетіп, 73 миллиард доллар болды. Бұл алдыңғы жылғы көрсеткіштен үштен бір есе көп, – деді Президент.

(Соңы 2-бетте)

// Сүйінші хабар

«Тасқарадан» табылған ТАС МҮСІН

САҒЫЗ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ АУМАҒЫНАН ТАС МҮСІН – БАЛБАЛТАС ТАБЫЛДЫ. ҚАЗІР ОСЫ АУМАҚТА ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРІП ЖАТЫР. ТЕРЕҢ ТАРИХТАН СЫР ШЕРТЕР ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРДІ ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУГЕ МҮДДЕЛІ.

Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы басшысының орынбасары Фархад Байдәулетовтың айтуынша, балбалтас – Қазақстан тарихына ерекше үлес қосатын көне жәдігер. Оның үстіне еліміздің батыс өңірінде балбалтас өте сирек кездеседі.

– Қазір еліміздің тарихы мен мәдениетін зерттеу кеңінен қолға алынды. Атырау облысы әкімдігі мен облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы тарапынан балбалтас орнатылған «Тасқара» атты қорғанды зерттеуге қолдау көрсетіліп, біздің мамандар археологиялық қазба жұмыстарын бастап кетті. Атырау өлкесінде мұндай балбалтас алғаш рет табылып отырғанын ескер қажет, - деді басшының орынбасары.

Тарихшылар әзірге оның қай дәуірдің дүниесі екенін нақты айтпағанымен, ерте орта ғасырға, яғни оғыз немесе қыпшақтарға тиесілі болуы мүмкін деп болжап отыр. Толық ақпарат археологиялық-зерттеу жұмысы аяқталған соң жарияланады.

Майра ОРАЗҒАЛИЕВА
Қызылқоға ауданы



** Парламенттік тыңдау*

Күрделі мәселенің КҮРМЕУІ қолдаумен ғана шешіледі

БҮГІНГІ ТАҢДА АТЫРАУ ҮШІН ДЕ, КҮЛЛІ ЕЛДЕ ДЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ САНАЛАТЫН «ҚАЗАҚСТАН СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫН ДАМЫТУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА РЕСПУБЛИКА ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНДЕ ӨТКЕН ПАРЛАМЕНТТІК ТЫҢДАУДА АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ СЕРІК ШӘПКЕНОВ ОБЛЫСТАҒЫ АХУАЛДЫ БАЯНДАДЫ.

(Соңы 2-бетте)

// Тұрғын-үй

«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ»: өтініш қабылдау басталды

ОТБАСЫ БАНК

«Бақытты отбасы» бағдарламасына қатысу туралы өтініштер otbasybank.kz платформасында 20 маусым мен 19 шілде (қоса алғанда) аралығында қабылданады. Ол үшін Отбасы банкінің («Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы) клиенті болуы қажет және аутентификация кодын алу үшін қолыңызда ұялы телефон болуы керек. Қосымша анықтамалар мен құжаттар қажет емес.

BAITEREK

Бағдарламаға келесі санаттар бойынша тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар қатыса алады:

– көп балалы отбасы;
– мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған отбасы;
– толық емес отбасы (неке бұзылған сәттен бастап кемінде 3 жыл өтуі керек).

«Бақытты отбасы» бағдарламасына 2021 жылы тапсырыс берген, алайда заем алмаған үміткерлердің өтініштері күшін жояды. Бағдарламаның жаңа кезеңіне қатысу үшін олар бұл қайтадан өтініш берулері қажет.

Өтініштерді қабылдау аяқталғаннан кейін қатысушылардың негізгі және резервтік тізімдері автоматты түрде қалыптастырылады. Тізімдерге бөлу кезінде қатысушылардың жергілікті әкімдікте кезекке тұру күні мен санаты анықтаушы факторға айналады. Байқау нәтижелерін otbasybank.kz порталынан көруге болады.

– 2022 жылы «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша 5 мыңнан астам отбасыға несие беруді жоспарлап отырмыз. Қазірдің өзінде Отбасы банкіне 51 млрд. теңге көлемінде қаражат түсті. Бюджеттерді бағдарламаға қатысушылар арасында бөлу кезінде басымдық өткен жылдағыдай, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға беріледі. Бүгінде «Бақытты отбасы» бағдарламасының арқасында 14 500 қазақстандық отбасы қоныс тойын тойлады, тағы 326 қатысушының несие алу туралы өтініші мақұлданды. Олар қазір өздеріне ұнамды баспана іздеуде. Соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған 3665 отбасы баспана мәселесін шешіп үлгерді, – деп түсіндірді «Отбасы банк» АҚ басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова.

«Бақытты отбасы» бағдарламасына қатысушыларды іріктеу кезінде азаматтардың кірістері тексерілетін болады. Соңғы алты айда отбасының әрбір мүшесіне шаққанда табыс ең төменгі күнкөріс деңгейінің 3,1 еселенген мөлшерінен аспауы керек (2022 жылы КМ 37 389 теңге, сәйкесінше бір отбасы мүшесіне шаққандағы табыс 115 905 теңгеден аспауы тиіс).

«Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша несие сомасының 10%-на тең бастапқы жарна болған жағдайда, жылдық 2% мөлшерлемемен жеңілдетілген заем алуға болады. Несие мерзімі 20 жылға дейін.

Отбасы жергілікті әкімдіктер арқылы салынған несиелік тұрғын үйді немесе бастапқы және екінші нарықтағы кез-келген пәтерді сатып ала алады. Сонымен қатар, жеке үй сатып алуға да рұқсат етілді. Несиенің ең жоғары сомасы Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында және олардың қала маңындағы аудандарында, Шымкент, Ақтау, Атырауда 15 млн. теңгеге дейін және басқа өңірлерде 10 млн. теңгеге дейін. Жылжымайтын мүлік қарыз алушы тұрғын үй кезегінде тұрған аймақтан сатып алынуы тиіс.

** 23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер күні*

Мәртебелі МІНДЕТ

23 МАУСЫМДА ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ КӘСІБИ МЕРЕКЕЛЕРІН АТАП ӨТЕДІ. ӘРБІР ӨРКЕНИЕТТІҢ ӨРІНЕ ҚАДАМ БАСҚАН ЕЛДІҢ ЕҢ БАСТЫ ТІРЕГІ, ОНЫҢ ИДЕЯСЫ МЕН САЯСАТЫН АЛҒА ЖЕТЕЛЕУШІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

АЛ, ОЛАРДЫҢ АДАЛ ЖӘНЕ ТИІМДІ ҚЫЗМЕТІ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЖӘНЕ ДАМУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІНІ СӨЗСІЗ. СОНДЫҚТАН ДА ҰЛТ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРЕТІН, ЕЛ АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ БОЛУ – МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ ҚАЙ КЕЗДЕ ДЕ БИЛІКТІҢ БЕЙНЕСІН, ІСКЕРЛІК ҚАБІЛЕТІН КӨРСЕТЕДІ. СЕБЕБІ, «БАСТЫ МІНДЕТ – ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ» ҚАҒИДАСЫН ҚАТАҢ ҰСТАНҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІГЕ ХАЛЫҚТЫҢ АРТАР СЕНІМІ ЗОР.





Газетке ай сайын жазылуға мүмкіндік бар!

Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелерінде жүргізіледі

6 айға жазылу бағасы: (теңгемен)
Жеке тұлғаларға: индекс – 65424 // қала – 3036,80 // аудан – 3260,10
Заңды тұлғаларға: индекс – 15424 // қала – 5105,36 // аудан – 5328,96